

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қызметін реттеу туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 тамыздағы N 877 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2005 жылғы 4 шілдеде Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қызметін реттеу туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қызметін реттеу туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі,

2004 жылғы 24 қыркүйекте Құлжа қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығының халықаралық орталығын құру туралы негіздемелік келісімге с ә й к е с ,

"Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының (бұдан әрі - Орталық) жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында төмендегілер туралы келісті:

Жалпы ережелер

Тауар - екі мемлекеттің әрқайсысының ұлттық заңнамасына және жасалған халықаралық шарттарға сәйкес сатуға немесе алмастыруға арналған айналымнан а л ы н б а ғ а н ө н і м ;

Қауіпсіздікте қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі бөлімшелер (қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі басқару органдары немесе уәкілетті органдар) - қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті қорғау, қылмыстардың және адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, қоғам мен мемлекеттің

мүдделеріне залал келтіретін өзге де әрекеттердің алдын алу және жолын кесу жөніндегі орындаушы және өкімдік функцияларды әр Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамаларына халықаралық шарттарға, екі жақты келісімдерге сәйкес жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар;

Жеке тұлғалар (тұлғалар) - Орталық аумағына/аумағынан келетін және/немесе орын ауыстыратын Тараптар мемлекеттерінің азаматтары, үшінші мемлекеттердің азаматтары, сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлғалар;

Шаруашылық жүргізуші субъект - өзі аумағында орналасқан мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен Орталықтың аумағында шаруашылық қызметті жүзеге асыратын кез келген меншік нысанындағы жеке немесе заңды тұлға.

1-тарау

Құқықтық мәртебе және басқару органдары туралы

1-бап

Орталық екі мемлекеттің шекара маңы шектес аумақтарында орналасқан қазақстандық және қытайлық бөліктерден тұратын сауда экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық кешені (орталығы) болып табылады.

2-бап

Орталықтың қазақстандық бөлігі Қазақстан Республикасының заңдық құзырында б о л а д ы .

Орталықтың қытайлық бөлігі Қытай Халық Республикасының заңдық құзырында болады.

3-бап

Орталықтың қазақстандық және қытайлық бөліктерін басқаруды Тараптардың уәкілетті органдары әр Тарап мемлекеттерінің қолданыстағы ұлттық заңнамаларына с ә й к е с жү з е г е а с ы р а д ы .

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Орталықтың қазақстандық бөлігін басқару жөніндегі уәкілетті орган болып табылады.

Қытай Халық Республикасы Шыңжан-Ұйғыр автономиялық ауданының Халықтық Үкіметі Орталықтың қытайлық бөлігін басқару жөніндегі уәкілетті орган болып т а б ы л а д ы .

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 11.03.2014 № 218; 17.06.2015 № 447 қаулыларымен.

2-тарау

Орталықтың орналасу схемасы, аумақ шекаралары және алаңы туралы

4-бап

Орталық мемлекеттердің шекара маңы шектес аумақтарында Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының мемлекеттік шекарасы сызығының екі жағында, "Қорғас" (Қазақстан Республикасы) және "Хоргос" (Қытай Халық Республикасы) өткізу пункттерінің тікелей жанында орналасқан.

Орталықтың қазақстандық және қытайлық бөліктері мемлекеттік шекара сызығынан кемінде 10 метр қашықтықта орналасқан және екі мемлекеттің мемлекеттік шекарасы арқылы өтетін арнайы өткелмен қосылады. Орталықты басқару тұйықтылық жағдайында жүзеге асырылады, Тараптардың әрқайсысы оны қоршау үшін тиімді шаралар қабылдайды.

5-бап

Орталықтың жалпы ауданы 5,60 ш. км құрайды, оның ішінде қазақстандық бөліктің ауданы 2,17 ш. км, қытай бөлігінің ауданы – 3,43 ш. км.

Тараптар Орталықтың қазақстандық және қытайлық бөліктерінде адамдардың, тауарлардың (жүктердің) және көлік құралдарының өткізілуін бақылау үшін пункт (дәліз) құрады. Тараптардың әрқайсысы осы жерде әр Тарап мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес белгіленген шекаралық, кедендік, санитарлық-карантиндік, ветеринарлық, фитосанитарлық және басқа да бақылау органдарының қызметтерін орналастырады.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 11.03.2014 № 218; 17.06.2015 № 447 қаулыларымен.

6-бап

Орталықтың қазақстандық және қытайлық бөліктері арасындағы қатынас арнайы өткел арқылы жүзеге асырылады.

Арнайы өткелдің географиялық координаттары осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын 2-қосымшада келтірілген.

Орталықта Мемлекеттік шекара арқылы өтетін арнайы өткелді салуды және оны ұстауды екі мемлекеттің тиісті органдары бірлесіп жүзеге асырады. Әр Тарап өз бөлігі

бойынша шығыстарды көтереді. Арнайы өткел бойынша өтетін және мемлекеттік шекара сызығымен сәйкес келетін сызық Тараптар үшін арнайы өткелді салу, басқару және ұстау кезінде бөлу сызығы болып табылады.

3-тарау

Орталықтың функциялары және басқару режимі туралы

7-бап

Орталықтың аумағында шаруашылық жүргізуші субъектілер екі Тарап мемлекеттерінің заңнамаларымен тыйым салынбаған қызмет түрлерін жүзеге асыра алады. Орталық аумағында қызметті жүзеге асыруға байланысты мәселелерде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар өзара консультацияларды жүргізеді.

8-бап

Орталықтың функцияларына: коммерциялық келіссөздер, тауарлардың тұсаукесер рәсімі және оларды сату, терминалдық және көліктік қызмет, қонақ үйлер және мейрамханалар, коммерциялық қызметтер бойынша инфрақұрылымдар, қаржылық қызметтер, экономика мен сауда тақырыбы бойынша өңірлік халықаралық конференциялардың алуан түрін ұйымдастыру, басқа да түрлері жатады.

9-бап

Тараптардың басқару органдары өздерінің арасында Орталықтың қызметін барлық бағыттар бойынша қалыпты жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында жұмыс бабындағы кездесулердің және үйлестірудің тұрақты және тиімді тетігін құруы тиіс.

10-бап

Көліктік инфрақұрылымды, сумен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, телекоммуникацияларды, инженерлік қорғауды және басқа да инженерлік коммуникацияларды, арнайы өткелді, бақылауға арналған пунктті (дәлізді), бақылау мен тексеруге арналған инфрақұрылымды, әкімшілік басқаруды, сондай-ақ Орталықтың әр бөлігінің аумағындағы қоршауды жобалау, салу және жөндеу жұмыстарын қаржыландыру өз Тарабының бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Сауда-көрмелік объектілерді, әр түрлі іскерлік үй-жайларды, терминалдарды және Орталық аумағындағы коммерциялық қызметке арналған басқа да объектілерді салуды қаржыландыруды екі мемлекеттің кәсіпорындары немесе бірлескен кәсіпорындар өз

қаражаты есебінен белгіленген тәртіппен бекітілген құжаттамаға сәйкес жүзеге асырады.

4-тарау

Орталық аумағындағы салық салу және инвестициялық режим туралы

11-бап

Орталық аумағындағы салық салу екі мемлекеттің ұлттық заңнамаларына және 2001 жылғы 12 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімге сәйкес жүзеге асырылады.

12-бап

Орталықтың қазақстандық бөлігінің аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестициялық преференциялар беріледі.

Орталықтың қытайлық бөлігінің аумағында Қытай Халық Республикасының заңнамасында көзделген инвестициялық преференциялар беріледі.

5-тарау

Жұмыс режимі, визалық режим, адамдардың, тауарлардың (жүктердің) және көлік құралдарының өтуін бақылау тәртібі туралы

13-бап

Орталықты басқару қағидаттары Мемлекеттік шекара арқылы өткізу, кіру-шығу пункттерінің режимдік аймақтарын реттеу саласындағы әр мемлекеттің ұлттық заңнамасына негізделеді. Орталықтың қазақстандық және қытайлық бөліктерін басқару өткізу пункттерінің режимдік аймақтары ескеріле отырып жүзеге асырылады, адамдардың, көлік құралдарының және тауарлардың (жүктердің) Орталықтың бөлігіне/бөлігінен өтуін бақылау мемлекеттік шекара арқылы кіру-шығу жөніндегі ережелер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

14-бап

Тауарларды (жүктерді) Орталыққа/Орталықтан өткізу кезінде ұлттық заңнамалар және халықаралық шарттардың тиісті ережелері сақталуға тиіс. Орталыққа/Орталықтан өткізілетін тауарларға (жүктерге) қатысты кедендік рәсімдерді жүргізу аптасына жеті күн қағидаты бойынша жүзеге асырылады. Адамдар, шағын литражды және жеңіл автомобильдер (сыйымдылығы 8 адамға дейін) үшін кедендік рәсімдерді жүргізу уақыты қажет болған жағдайда ұзартылады.

Орталық аумағының шегінде адамдар, тауарлар (жүктер) және көлік құралдары е р к і н ө т е д і .

Орталықтың жұмыс режимі:

1 мамырдан	бастап 8.30-дан	18.00-ге дейін	(Астана уақыты);
30 қыркүйекті қоса алғанда	10.30-дан	20.00-ге дейін	(Пекин уақыты);
1 қазаннан	бастап 9.00-ден	17.00-ге дейін	(Астана уақыты);
30 сәуірді қоса алғанда	11.00-ден	19.00-ге дейін	(Пекин уақыты).

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.06.2015 № 447 қаулысымен.

15-бап

Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында заңды негізде болатын Қазақстан Республикасының азаматтары және Қытай Халық Республикасының азаматтары үшінші мемлекеттердің азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар визаларды ресімдеусіз 30 тәулікке дейінгі мерзімге Тараптардың құзыретті органдары келіскен және таныған қолданыстағы мынадай құжаттардың негізінде Орталыққа/Орталықтан к е л е д і , к е т е д і .

1. Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Тарабы аумағынан Қазақстан Республикасының паспорты (дипломатиялық, қызметтік, Қазақстан Республикасы азаматының паспорты) негізінде Орталыққа/Орталықтан келіп, кете алады.

Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі;

Қазақстан Республикасының туу туралы куәлігі (ата-анасының біреуінің бірге ж ү р у і м е н) .

Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі;

Қазақстан Республикасының туу туралы куәлігі (ата-анасының біреуінің алып ж ү р у і м е н) .

2. Қытай Халық Республикасының азаматтары Қытай Тарабы аумағынан мынадай қолданыстағы құжаттардың біреуінің негізінде Орталыққа/Орталықтан келіп, кете а л а д ы :

Қытай Халық Республикасының паспорты (дипломатиялық, қызметтік, қызметтік мақсаттағы жалпы азаматтық, жалпы азаматтық);

Қытай Халық Республикасының кіру және шығу рұқсат қағаздары;

Қытай Халық Республикасының туристік құжаттары;

Сянган және Аомынь тұрғындары үшін Қытай Халық Республикасының ішкі

құрылықтық бөлігіне/бөлігінен өту жөніндегі рұқсат қағаздар;
Сянган және Аомыньнің отандастары үшін отанына оралу жөніндегі куәліктер;
Тайвань тұрғындары үшін Қытай Халық Республикасының ішкі құрылықтық бөлігіне/бөлігінен өту жөніндегі рұқсат қағаздар.

3. Басқа Тарап мемлекетінің аумағында заңды түрде болған Қазақстан Республикасының азаматтары және Қытай Халық Республикасының азаматтары басқа Тарап мемлекетінің бөлігінен халықаралық сапарларға арналған қолданыстағы құжаттардың біреуінің негізінде Орталыққа/Орталықтан келіп, кете алады.

4. Тараптар мемлекеттерінің аумағында заңды түрде болған үшінші мемлекеттердің азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар халықаралық сапарларға арналған қолданыстағы құжаттардың біреуінің негізінде Орталыққа/Орталықтан келіп, кете алады.

5. Қазақстан Республикасы азаматтарының және Қытай Халық Республикасы азаматтарының Орталықтың аумағынан оралуына олар келген пункт арқылы ғана рұқсат етіледі. Екінші Тарап мемлекетінің аумағына шекарадан өту қажет болған жағдайда адамдар "Қорғас" (Қазақстан Республикасы) - "Хоргос" (Қытай Халық Республикасы) өткізу пункттері арқылы қолданыстағы төлқұжаттар мен визалар негізінде жол жүреді.

6. Үшінші мемлекеттер азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың Орталық аумағынан кері оралуына олар келген пункт арқылы ғана рұқсат етіледі. Екінші Тарап мемлекетінің аумағына шекарадан өту қажет болған жағдайда адамдар "Қорғас" (Қазақстан Республикасы) - "Хоргос" (Қытай Халық Республикасы) халықаралық өткізу пункттері арқылы халықаралық сапарларға арналған қолданыстағы құжаттар және визалар негізінде жол жүреді.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 11.03.2014 № 218; 17.06.2015 № 447 қаулыларымен.

16-бап

Адамдардың, көлік құралдарының Орталықтың аумағынан кетуіне олар келген кіріс өткізу пункті арқылы ғана рұқсат етіледі. Екінші Тарап мемлекетінің аумағына шекарадан өту қажет болған жағдайда адамдар мен көлік құралдары "Қорғас" (Қазақстан Республикасы) - "Хоргос" (Қытай Халық Республикасы) өткізу пункттері арқылы жол жүреді.

17-бап

Тараптар арнайы өткелдің өз жақтарында уақытша бақылауды енгізу немесе Тараптардың бөліктері арасындағы қатынасты тоқтату үшін қажет құрылыстар орнатады. Осы құрылыстар дүлей зілзалалар, эпидемиялар және басқа да төтенше

жағдайлар туындаған, құқық бұзушылық пен қылмыстарды тергеу кезінде пайдаланылатын болады, ол туралы Тараптар бір-біріне алдын ала хабарлайды.

18-бап

Тараптардың Орталыққа/Орталықтан келетін - кететін адамдарды, көлік құралдарын тексеру және тіркеу үшін жауап беретін құзыретті органдары: Қазақстан Тарапынан - "Қорғас" жеке бақылау-өткізу пункті, Қытай Тарапынан - "Хоргос" шекаралық-бақылау пункті.

19-бап

Тараптардың құзыретті органдары келісілген тәртіппен Орталыққа/Орталықтан келетін/кететін адамдар және көлік құралдары туралы ақпарат алмасу үшін біртұтас деректер банкін жасайды. Тараптар өз бөліктерінің кіреберісінде тиісті ақпаратты тіркеуді жүргізеді. Қытай Тарабы көлік құралдарының Орталыққа/Орталықтан келуі/кетуі Қытайдың шекаралық-бақылау органы берген қолданыстағы электрондық көртішкелерге сәйкес жүзеге асырылады.

20-бап

Адамның жеке басын куәландыратын құжаты жоғалған немесе бүлінген жағдайда Орталыққа келген адам өзі келген Тарап мемлекетінің құзыретті немесе уәкілетті органдарына хабарлауы тиіс, олар қажет болған кезде екінші Тарап мемлекетінің құзыретті немесе уәкілетті органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, оның жеке басын және Орталыққа заңды кіру фактісін уақтылы растайды.

21-бап

Орталыққа/Орталықтан өткен кезде көлік құралында Тараптардың бірінің мемлекетінің таным белгісі мен мемлекеттік тіркеу нөмірі болуға тиіс. Жүк тасымалдарын осьтерінің саны 6-дан (қоса алғанда) аспайтын жүк автомобильдері жүзеге асырады. Орталық аумағында жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру кезінде аумағында тасымалдау жүзеге асырылатын Тарап мемлекетінің заңнамасы сақталуға тиіс.

Ескерту. 21-бап жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.06.2015 № 447 қаулысымен.

22-бап

Тараптардың шекара-бақылау қызметтері арасындағы жұмыс байланыстары кездесулер және келіссөздер жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

6-тарау

Орталықтың аумағындағы қауіпсіздікті және құқық тәртібін қамтамасыз ету

23-бап

Тараптар Орталық бөлігінің өздеріне тиесілі аумақтарында мынадай қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі басқару органдарын немесе уәкілетті органдарды орналастырады:

- Қазақстан Тарапынан - қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті қорғау және шекаралық бақылау жөніндегі аумақтық бөлімшелер;
- Қытай Тарапынан - "Хоргос" бақылау-өткізу пунктінің қоғамдық қауіпсіздік пен шекаралық бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі бөлімшесі.

24-бап

Орталықтың аумағындағы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі басқару органдарының және уәкілетті органдардың функцияларына: қолданыстағы ұлттық заңнама мен тиісті халықаралық шарттарға, Қазақстан-Қытай келісімдерінің ережелеріне сәйкес Орталықтың аумағында қауіпсіздікті және құқық тәртібін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтар мен қылмыстық қызмет түрлерінің алдын алу және оларға қарсы күресу жатады.

25-бап

Орталықтың аумағына келетін адамдарды тіркеу баратын Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі басқару органдарында немесе уәкілетті органдарда жүзеге асырылады.

26-бап

Орталықтың аумағында жасалған құқық бұзушылықтар мен қылмыстар ұлттық заңнамаға сәйкес олар аумағында жасалған құзыретті органдардың заңдық құзырына жатады. Тараптардың келісімі бойынша олар келісілген тәртіппен басқа Тараптың құзыретті органдарының заңдық құзырына да берілуі мүмкін.

27-бап

Тараптардың құзыретті органдары өзара іс-қимылдарды жүзеге асырады, тиісті ақпаратпен алмасады. Орталықтың аумағында құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды

тергеу кезінде ақпарат, дәлелдемелер беруді, қылмыскерлерді іздеуге және ұстауға жәрдемдесуді қоса алғанда, өзара қажетті және қолдан келетін жәрдем көрсетеді.

28-бап

Тиімді бақылауды жүргізу мақсатында Тараптар Орталықтың периметрі бойынша бақылау жүйесімен және жарық құралдарымен жарақтандырылған арнайы қоршауды орнатады. Қазақстан Тарабының уәкілетті органдары және Қытай Тарабының қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі басқару органдары Орталықтың өзіне тиесілі бөлігі шегінде бақылау және күзет жүргізу үшін жауап береді.

29-бап

Орталықтың аумағында қауіпсіздік пен құқық тәртібін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Тарабының уәкілетті органдары және Қытай Тарабының қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі басқару органдары қажетті келісімдерге қол қояды және кездесулер мен байланыстар тетігін белгілейді.

30-бап

Тараптардың бірінің аумағында төтенше оқиғалар туындаған кезде өтініш жасалған жағдайда екінші Тарап қажетті жәрдем көрсетеді. Қазақстан Тарабының уәкілетті органдары және Қытай Тарабының қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі басқару органдары Орталықтың аумағында пайда болуы мүмкін төтенше оқиғаларға бірлескен оқулар мен жаттығулар өткізеді.

7-тарау

Орталықтағы кедендік реттеу туралы

31-бап

Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары Орталықтың аумағына (нан) өткізілетін тауарларға (жүктерге), көлік құралдарына, жеке тұлғаларға, қол жүгіне (әкелінетін заттарға) кедендік бақылауды жүзеге асырады және әр Тарап мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына және ережелеріне сәйкес оларды Орталыққа (-тан) келу/кету орындарында кедендік рәсімдеуді жүргізеді.

32-бап

Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес ай сайын Орталықтың аумағына (-нан) жол жүретін өз көлік құралдары,

тауарлары (жүктері) туралы кедендік статистикалық мәліметтермен және өздерінің құзыреті шеңберіндегі басқа да қажетті ақпаратпен алмасқан.

33-бап

Кедендік заңнаманы бұзғаны үшін тұлғалар аумағында құқық бұзушылық жасалған Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес жауапкершілікте болады.

8-тарау

Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы

34-бап

Орталықтың қазақстандық және қытайлық бөліктерінің аумағында валюталық бақылау әр Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

35-бап

Орталықтың аумағында тауарлармен (жүктермен) және қызметтермен сауда жасау бойынша төлемдер мен ақшалай қаражат аударымдары әр Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес айқындалған ағымдағы операциялар бойынша еркін айырбастау қағидаты сақталған жағдайда жүргізіледі.

36-бап

Жеке тұлғалардың қолма-қол ақшаны Орталық аумағының қазақстандық бөлігіне (-нен) әкелуі/әкетуі жеке тұлғалардың қолма-қол ақшаны Қазақстан Республикасының аумағына (-нан) әкелуі/әкетуі үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

Жеке тұлғалардың қолма-қол ақшаны Орталық аумағының қытайлық бөлігіне (-нен) әкелуі/әкетуі Қытай Халық Республикасы заңнамасының ережелеріне сәйкес келуі тиіс.

37-бап

Орталықтың қазақстандық және қытайлық бөліктерінің аумақтарында құрылатын банктер немесе басқа да ұйымдар әр Тарап мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес қолма-қол ақшаны айырбастау бойынша қызметтер көрсетеді.

9-тарау

Банктік қызмет туралы

38-бап

Орталықтың қазақстандық бөлігінде банктер немесе олардың бөлімшелерін құру, сондай-ақ олардың қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады, реттеледі және бақылау мен қадағалауға ұшырайды.

Орталықтың қытайлық бөлігінде банктер немесе олардың бөлімшелерін құру, сондай-ақ олардың қызметі Қытай Халық Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады, реттеледі және бақылау мен қадағалауға ұшырайды.

10-тарау

Орталықтың аумағындағы карантиндік бақылау және инспекция туралы

39-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес Орталыққа кіретін/ шығатын жерлерде және Орталықтың өзіне тиесілі аумақтарында тауарларға (жүктерге), көлік құралдарында, тұлғаларға және өзімен бірге ұстайтын заттарға қатысты, сондай-ақ қоғамдық және басқа да қызметтер көрсету саласына тиісті санитарлық-карантиндік, ветеринарлық, фитосанитарлық және инспекция мен карантиндік бақылаудың басқа да түрлерін жүзеге асырады.

40-бап

Әр Тарап мемлекетінің тиісті мемлекеттік органдары тауарлардың (жүктердің) инспекциялық-карантиндік, санитарлық-эпидемиологиялық, ветеринарлық және фитосанитарлық нормаларға сәйкес келмейтіндігін анықтаған жағдайда, мұндай тауарды (жүкті), экспорттаушы тарап Орталық аумағының шегінен өз елінің аумағына ә к е т у і т и і с .

Тараптар Орталықтың аумағына импортына екінші Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасымен тыйым салынған тауарларды (жүктерді) әкелуге тыйым салады.

41-бап

Тараптардың тиісті органдары жұқпалы ауруларды, өсімдіктер мен жануарлардың карантинін бақылау саласында өзара ынтымақтастықты жүзеге асыруы және нығайтуы,

сондай-ақ эпизоотикалық және фитосанитарлық жай-күй, эпидемиологиялық жағдай және оларды жою бойынша уақытылы қабылданған шаралар туралы өзара хабарлауы тиіс.

42-бап

Санитарлық-карантиндік, ветеринарлық, фитосанитарлық бақылау саласындағы заңнаманы және инспекция мен карантиндік бақылау саласындағы басқа да заңнаманы бұзғаны үшін тұлғалар аумағында бұзушылық жасалған мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес жауапкершілікте болады.

11-тарау

Орталықтың аумағындағы еңбек қызметі мәселелері туралы

43-бап

Орталықтың өзіне тиесілі бөлігінің аумағындағы Тараптардың бірінің мемлекеті азаматтарының еңбек қызметі өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Тараптардың бірінің мемлекеті азаматтарының Орталықтың екінші Тарап мемлекетіне тиесілі бөлігінің аумағындағы еңбек қызметі екінші Тарап мемлекетінің заңнамасына және тиісті екі жақты үкіметаралық келісімдердің ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

12-тарау

Келісімнің күшіне енуі, қолданысын тоқтатуы және оған өзгерістер енгізу туралы

44-бап

Осы Келісімге қол қою Тараптардың олар қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

45-бап

Осы Келісімді түсіндіру және қолдану кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды достық консультациялар жолымен шешетін болады.

Тараптардың келісімімен осы Келісімге осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

46-бап

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім ұзақ мерзімді негізде қолданылады және Тараптардың кез келгені екінші Тараптың 2004 жылғы 24 қыркүйекте Құлжа қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығының халықаралық орталығын құру туралы негіздемелік келісімнің күшін жою ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін күшін жояды.

2005 жылғы 4 шілдеде Астана қаласында, әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдеріндегі екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының *Қытай Халық Республикасының*
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*

Осымен 2005 жылғы 4 шілдеде Астана қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қызметін реттеу туралы келісімнің бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.


Қ а з а қ с т а н *Р е с п у б л и к а с ы*
С ы р т қ ы і с т е р *м и н и с т р л і г і н і н*
Х а л ы қ а р а л ы қ - қ ұ қ қ *д е п а р т а м е н т і н і н*

Бөлім бастығы

2005 жылғы 4 шілдедегі
Қазақстан Республикасының кіметі мен
Қытай Халық Республикасының Үкіметі
арасындағы «Қорғас» шекара маңы
ынтымақтастығы халықаралық орталығының
қызметін реттеу туралы келісімге
қосымша

ҚР (217 га) және ҚХР (343 га) ШЫХО аумағының орналастыру схемасы мен шекарасы

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.06.2015 № 447 қаулысымен.



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК